

Жеке кәсіпкердің, жеке нотариустың, адвокаттың қызметін уақытша тоқтата тұру туралы өтініш нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі Салық Комитетінің Төрағасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 666 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 6 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4538 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 634 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2008.12.30 [N 634](#) (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1

2. Осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қаржы Министрі

Б. Жәмішев

*Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
N 634 бұйрығына 37-қосымша*

Қазақстан Республикасының күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1

4. "Жеке кәсіпкердің, жеке нотариустың, адвокаттың қызметін уақытша тоқтата тұру жөнінде өтініш нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Салық Комитеті Төрағасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 666 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде N 4538 болып тіркелген, "Юридическая газета" газетінде 2007 жылғы 28 ақпандағы N 31 (1234) жарияланған).

.....

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған жеке кәсіпкердің, жеке нотариустың, адвокаттың қызметін уақытша тоқтата тұру туралы өтініш нысанын бекіту туралы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Салық әкімшіліктендіруі басқармасы (А.М.Қыпшақов) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің ұйымдастыру-қаржылық қамтамасыз ету басқармасы (Смағұлова Г.Ә.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде оны мемлекеттік тіркеуден соң ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Салық
комитеті Төрағасының
2006 жылғы»29 желтоқсандағы

N 666 бұйрығына қосымша

бойынша салық комитеті

**Жеке кәсіпкердің, жеке нотариустың, адвокаттың
қызметін уақытша тоқтата тұру туралы өтініш**

Мен, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 68-бабы 5-тармағы негізінде жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат (керегінің астын сыз) ретінде тіркелген

(Жеке кәсіпкердің, жеке нотариустың, адвокаттың аты-жөні)
----- (СТН -----),

200__ жылдың»__» _____ мен 200__ жылдың»__» _____
аралығындағы кезеңге қызметімді уақытша тоқтата тұру туралы
м ә л і м д е й м і н .

Қосылған құн салығын төлеушімін: иә/жоқ (керегінің астын сыз).

Аты-жөні _____

(қ о л ы)

200__жыл»"_____"»_____

(өтініш берілген күн)

Е с к е р т у :

1) Осы өтінішті шаруа (фермерлік) қожалықтарына және қызметтің жекелеген түрлеріне арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын. дарды қоспағанда, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар т а п с ы р а д ы ;

2) қызметін уақытша тоқтата тұру мерзімі он екі айдан аспауы тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК